

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ салымшылары бір ай ішінде 4 миллионнан аса қызмет алды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тек қаңтар айында, яғни 01.01.2021-01.02.2021 аралығындағы кезеңде өз салымшыларына 4,2 миллион қызмет көрсетті. Бұл өткен 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6 есе көп. Айта кету керек, өсім электрондық қызметтер бойынша да, БЖЗҚ филиалдарында тікелей көрсетілген қызметтер бойынша да болды.

Виртуалды кеңістікте Қордың қызметтерін 3,9 миллион салымшы алды, бұл көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінің 92% құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда онлайн қызметтердің танымалдылығы үш есе ұлғайды. Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ сайтында да, мобильді қосымшасында да бар жеке кабинеттің көмегімен салымшылар үйден шықпай-ақ, жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама ала алады. Зейнетақы жинақтарының сомасын ішінара пайдалану және (немесе) ИПБ-ға аудару үшін тексеріп, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш бере алады.

Салымшылардың бір бөлігі бұрынғысынша Қазақстан бойынша орналасқан Қор филиалдарына өтініш білдіруде. БЖЗҚ бөлімшелерінде салымшылар 312 мың қызмет алды, бұл өткен 2020 жылмен салыстырғанда 35,9 мың қызметке көп.

БЖЗҚ міндеттерінің бірі – Қордың салымшылары мен алушылары үшін сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және ақпараттық арналарды дамыту екенін атап өту маңызды. 2021 жылғы қаңтарда кері байланыс арналары бойынша салымшылар жасаған өтініштердің саны бір жыл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда үш еседен астам артты. 2021 жылдың бірінші айында 252,5 мың өтініш, ал 2020 жылдың қаңтарында 78,8 мың өтініш берілді.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі бойынша call-орталықтан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) кеңес ала алады, сондай-ақ, кеңестерді www.enpf.kz корпоративтік сайтынан, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары арқылы және Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ ресми парақшаларынан алуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).